

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011100-Информатика) мамандығы бойынша диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы диссертациялық кеңесте 8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011100-Информатика) мамандығы бойынша 2022 жылы 6 отырысы өткізілді (01.01.2023–31.12.2023)

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі

Курмангалиева Нургуль Айтбаевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Буканова Асель Кайратовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Беделов Қамбар Амангелдиевич, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

Курмангалиева Нургуль Айтбаевнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Диссертация тақырыбы – Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру

Мамандығы: 6D011100-Информатика

Ғылыми кеңесшілер – п.ғ.д., профессор Бидайбеков Е.Ы., п.ғ.д., профессор Балықбаев Т.О., п.ғ.д., профессор Гриншкун В.В.

Қорғау 2023 жылдың 14 сәуірінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- «Цифрлық педагогикалық университет» түсінігі нақтыланып, оны қалыптастырудың артықшылықтары мен даму бағыттары көрсетіліп, цифрлық педагогикалық университетті дамыту үшін ақпараттық технологияларды интеграциялауға негізделген цифрлық білім беру ортасын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалған;

- білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;

- цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктеріне интеграциялау үшін заманауи және тиімді технологиялары іріктелген.

2) *диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы*

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2022 жыл 1 қыркүйек), Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және цифрлық саланы дамыту тұжырымдамасы (2021 жыл 30 желтоқсан, № 961), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы (2022 жыл 24 қараша, №941), Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары (2021 жыл 26 ақпан, №521).

3) *диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау*

Цифрлық педагогикалық университеттің цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктерін интеграциялау жағдайында әзірленген құрылымдық-мазмұндық модельді пайдаланудан, педагогикалық цифрлық университеттің цифрлық білім беру ортасын оқу, оқудан тыс, оқыту нәтижелерін өлшеу және бақылау, ғылыми-зерттеу және ұйымдастырушылық басқару қызметінде пайдалану әдістерінің анықталуы.

Буканова Асель Кайратовнаның диссертациясы бойынша:

1) *қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;*

Диссертация тақырыбы: Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихын оқытудың әдістемелік негіздері.

Мамандығы: 6D011100-Информатика

Ғылыми кеңесшілер: п.ғ.к., қауым., профессор Ошанова Н.Т., п.ғ.д., профессор Пак Н.И.

Қорғау 2023 жылдың 14 сәуірінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- болашақ информатика мұғалімдерін дайындауда цифрлық білім беру технологиялары негізінде информатика тарихын оқытуды жетілдірудің қажеттілігі негізделген;

- білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсының мазмұны іріктелген;

- информатика тарихы курсы бойынша төңкерілген оқыту ресурсы дайындалған;

- болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсы төңкерілген оқыту ресурсы пайдаланып оқыту әдістемесі жасалған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы (2022 жыл 24 қараша, №941), Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2018 жыл 10 қаңтар), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (2022 жыл 20 шілде, №2), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (2022 жыл 3 тамыз, №348), Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2020 жыл 1 қыркүйек), Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2021 жыл 1 шілде), Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және цифрлық саланы дамыту тұжырымдамасы (2021 жыл 30 желтоқсан, №961).

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау

Болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсына оқытуға арналған төңкерілген оқыту ресурсы негізінде ұсынылған электрондық оқу құралының жасалуымен анықталады. Зерттеу жұмысы барысында жасалған электрондық оқу құралын болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда, орта білім беру орындарында, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру жүйесінде пайдалануға болады.

Беделов Қамбар Амангелдиевичтің диссертациясы бойынша:

1) қар қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Диссертация тақырыбы: Болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби қызметінде бұлттық технологияларды пайдалануға даярлаудың әдістемелік жүйесі

Мамандығы: 6D011100-Информатика

Ғылыми кеңесшілер: п.ғ.д., профессор Бидайбеков Е.Ы., п.ғ.к., профессор м.а. Конева С.Н., п.ғ.д., профессор Гриншкун В.В.

Қорғау 2023 жылдың 10 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби қызметінде бұлттық технологияларды пайдалануға даярлаудың қажеттілігі негізделген;
- болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби қызметінде бұлттық технологияларды пайдалануға даярлаудың моделі жасалған;
- болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби қызметінде бұлттық технологияларды пайдалануға даярлаудың мақсаты мен мазмұны анықталған;

- болашақ информатика мұғалімдерін бұлттық технологияларды пайдалануға даярлаудың әдістемесі, даярлаудың ұйымдастыру формалары мен әдістері жасалып, оқыту құралы ретінде бұлттық сервистерді іріктеу критерийлері анықталған.

2) *диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы*

IEEE/ISO/IEC 8802-IX-2013-IEEE/ISO/IEC Information technology Telecommunications and information exchange between systems – Local and metropolitan area networks – Part IX: Port-based network access control; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2026-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 қаулысымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандарты.

3) *диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау*

Болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби қызметінде бұлттық технологияларды пайдалануға даярлау мақсатында «Бұлттық технологиялар» курсының мазмұнының, сонымен қатар оқыту құралы ретінде бұлттық сервистерді іріктеу критерийлері анықталуы. Google Classroom білім беру платформасын пайдаланып, «Бұлттық технологиялар», «Компьютерлік желілер» және т.б. пәндер бойынша Google Class дайындалды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)

Рецензенттер ретінде информатика және білімді ақпараттандыру салаларына үлес қосқан ғалымдар тағайындалды.

Курмангалиева Нургуль Айтбаевнаның диссертациясының рецензенттері бойынша мәлімет:

Тажигулова Альмира Избасаровна - педагогика ғылымдарының докторы, доцент, «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» (ҰАО) (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.02);

Байганова Алтынзер Мынтургановна - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.02).

Буканова Асель Кайратовнаның диссертация рецензенттері бойынша мәлімет:

Рахимжанова Ляззат Балтабевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.02);

Байгушева Канагат Мубараковна - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ЖШС «Digital Experts Group» техникалық директоры Алматы қ., Қазақстан (мамандық шифры 13.00.02).

Беделов Қамбар Амангелдиевичтің диссертациясының рецензенттері бойынша мәлімет:

Керимбаев Нұрасыл Нұрымұлы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.02);

Скабаева Гульмира Несипбаевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.02).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

- диссертацияларды қорғауға жіберетін бітіруші кафедралар зерттеу жұмысының сапасына және қорғауға қажетті құжаттарға ерекше назар аударуы керек.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

	6D011100-Информатика
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	3 (-)
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы


(қолы, тегі және аты-жөні) **Бидайбеков Е.Ы.**

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы


(қолы, тегі және аты-жөні) **Сағымбаева А.Е.**